

## БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

## жаңартылған білім беру бойынша технология

ЖАРИЯЛАНДЫ  
02.06.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/76019/>

Ақтөбе қаласы МКҚК 45 «Алтын бала» бөбекжай  
Тәрбиешісі Шегебаева Д,А

«Жаңартылған бағдарлама жайында мектепке дейінгі тәрбие оқыту үрісіндегі тиімді тәсілдер»

Жаңартылған білім беру мазмұны әдәс тәсілдері қазіргі таңда балабақшалар арасында теңінен тараған соның ішінде «Айлы» балабақшасында жақсы қолданыста барлық сабақта танграма ойыны және мантисори әдісі қолданылып оқытылуда Математика пәнінде баланың ойлау қабілеті жоғары болу үшін барынша ат салысуда «Айлы» балабақшасының тәрбиешілері жаңартылған білім берудегі әдіс тәсілдерін толықтай менгеріп қазіргі таңда өз пайдасына асыра отырып балаларға жақсы білім беруде.

Жаңартылған Стандарт негізінде мектепке дейінгі білім беру саласындағы ғылым мен практиканың жетістіктері, отандық және шетелдік тәжірибелер ескеріліп, «Алғашқы қадам», «Зерек бала», «Біз мектепке барамыз» үш білім беру бағдарламаларының орнына Бағдарлама әзірленді.

Білім беру саласының дербестігін жақсарту , білім беру ісін басқаруды демократияландыру еліміздің мектептерінде оқытудың белсеңді және инновациялық әдістері мен технологияларды тиымды пайдалануды қажет етеді. Оқытуда жаңашыл әдісті қолдану оқушы үшін де , мұғалімге де шығармашылықпен жұмыс ықпал етеді . Білім беру жүйесіндегі өзгерістер : «педагогикалық технологиялар », «тәсіл», «әдіс» сияқты ұғымдарды терең менгеруге оқып - үйренуге жетелейді. Бүгінгі таңда , бастауыш сыныптағы пәндер дүниетану , әдебиет сабақтарына ; топқа бөліп оқыту , рөлдік ойын элементтерін , пікір сайыс және басқа дәстүрлі емес түрлері , оқытудың жаңа технологиясы тәжірибеге кеңінен ене бастады . Сондықтан өзім оқыған, үйренген, курстар мен семинарларға қатысу барысында көрген көптеген жаңаша әдіс-тәсілдерді өз іс-тәжірибемде қолдану арқылы олардың тиімділігіне көз жеткізе отырып, осы тиімді әдіс-тәсілдерді жинақтауды ұйғардым. Бұл жинақталған әдістемелік құралды«Бастауыш сыныптарда оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер» деп атадым.

Оқытудың тиімді әдістерін пайдалана отырып,оқушының білім сапасын арттыруға қол

жеткізу, формативті бағалаудың түрлерін, кері байланыс тәсілдерін тиімді қолдана білу;  
Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктеріне сай оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап ету;

Оқытуда пайдалануға тиімді әдіс-тәсілдер

Интегративтік тәсіл-оқу үдерісін жобалау және өткізу кезінде әр түрлі оқу пәндерінің мазмұнын өзара кіріктіру есебінен оқушыда әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Зерттеу тәсілі — зерттеушілік әрекет дағдыларын дамытуға, ғылыми таным әдістерімен танысуға жәрдемдеседі, оқушыларда танымдық қызығушылық қалыптастырады.

Алтын телпек әдісі

Топтағы балалар санын бірнеше топқа бөлу арқылы қолданылатын әдіс.

«Ақ телпек» – статистикалық (мәселеге қатысты деректерді талассыз келтіреді)

«Сары телпек» — сәттілік (сәтті кезеңдерді айтады)

«Қара телпек» — сәтсіздік (оқып жатқан мәселенің сәтсіз тұсын айтады)

«Көк телпек» — аналитикалық (талдау жасайды, топтар не үшін? неге? неге байланысты? Деген сұрақтарға жауап іздейді)

«Жасыл телпек» — шығармашылық (ақылға сыйымсыз идеялар мен болжамдар айтады)

«Қызыл телпек» — сезімтал (оқиғаны оқу барысында бастан кешірген сезімдерін айтады)

«Қара жәшік» әдісі

Қара жәшік дайындалады.

қара жәшікке тақырыпқа қатысты сөз немесе сурет жасырынады

Қара жәшіктегі заттың түрлі белгілерін біртіндеп оқиды

жасырын зат табылады

«Біреуі үйде, үшеуі қонақта» әдісі

Сабақтың тақыпыбы мен мақсатын ашу

Төрт адамнан «үй» тобына бөлу. Әр оп 1,2,3,4 деген өз нөмірлерін алады

Әрқайсына тапсырма үлестіріледі

топ ішінде әр оқушыға нөмір беріледі (1,2,3,4)

Үй тобында мәселе талқыланады

Белгілі бір уақыттан кейін топтағы оқушылар орнынан тұрады 1 нөмірлер көрші топқа, 2-нөмірлер 3-топқа, 3-нөмірлер 4-топқа, 4-нөмірлер 1-топқа жиналады.

«қонақтар сұрақ қояды» сосын өз топтарына қайтады.